

**1993 жылғы 15 қазанда Брюссельде алдын ала қол қойылған және 1995 жылғы 20 желтоқсандағы алдын ала қол қойылған Хаттар алмасу нысанындағы келісіммен өзгертілген Еуропалық Экономикалық Қоғамдастығы мен Қазақстан Республикасы арасындағы Тоқыма бұйымдарының саудасы жөніндегі келісімге өзгерістер енгізу туралы Еуропалық Қоғамдастық пен Қазақстан Республикасы арасындағы Хаттар алмасу нысанындағы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 23 шілде N 993

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2000 жылғы 27 маусымда Брюссель қаласында жасалған, 1993 жылғы 15 қазанда Брюссельде алдын ала қол қойылған және 1995 жылғы 20 желтоқсандағы алдын ала қол қойылған Хаттар алмасу нысанындағы келісіммен өзгертілген, Еуропалық Экономикалық Қоғамдастығы мен Қазақстан Республикасы арасындағы

Тоқыма бұйымдарының саудасы жөніндегі келісімге өзгерістер енгізу туралы Еуропалық Қоғамдастық пен Қазақстан Республикасы арасындағы Хаттар алмасу нысанындағы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Брюссельде 1993 жылғы 15 қазанда қол қойылған және  
1995 жылғы 20 желтоқсандағы хаттармен алмасу нысанындағы  
Келісіммен толықтырылған тоқыма бұйымдарының саудасы туралы  
Еуропалық Экономикалық Қоғамдастығы мен Қазақстан Республикасы  
арасындағы Келісімді қайта жаңартуға қатысты Еуропалық Қоғамдастық  
пен Қазақстан Республикасы арасындағы хаттармен алмасу нысанындағы  
Келісім

Еуропалық Одақ Кеңесінің хаты

Мырза,

1. Брюссельде 1993 жылғы 15 қазанда қол қойылған және 1995 жылғы 20 желтоқсандағы хаттармен алмасу нысанындағы Келісіммен толықтырылған тоқыма бұйымдарының саудасы туралы Еуропалық Экономикалық Қоғамдастығы мен Қазақстан Республикасы арасындағы Келісімге (бұдан әрі - "Келісім") сүйенуді өзіме құрмет санаймын.

2. 1999 жылғы 31 желтоқсандағы Келісім мерзімінің өтуін ескере отырып және Келісімнің 20 (4)-бабына сәйкес Еуропалық Қоғамдастық Келісімнің күшін бұдан арғы кезеңге төмендегідей түзетулермен және шарттармен кем дегенде үш жылға ұзартуды ұсынады:

2.1. Келісімнің 1-бабына жатқызылған, 1-қосымшада ұсынылған тауарлар осы хаттың 1-қосымшасымен алмастырылды.

2.2. 1-параграфтың 20-бабының мәтіні, Келісімнің екінші және үшінші сөйлемі мыналармен алмастырылуы тиіс:

"Ол 2002 жылғы 31 желтоқсанға дейін күшінде болуы тиіс. Алдағы уақытта, егер тараптардың бірі ұзартумен келіспейтіндігі жөнінде 2002 жылғы 31 желтоқсанға кем дегенде 6 ай қалғанда басқасын хабардар етпесе, Келісімнің барлық тармақтарын қолдану өздігінен тағы бір жылға 2003 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңге ұзартылуы тиіс".

2.3. 1, 3, 4, 5, 6, 7 және 8 тоқыма санаттары Келісімнің 2 (3)-бабында және А хаттамасында көрсетілген екі есе тексеру жүйесінен шығарылды. Егер белгілі бір жылда Келісімнің 5 (2)-бабында көрсетілген тауарлар импортының тоқыма санаттарына лимит көтерілсе, қосарланған тексеру жүйесі осы санаттар бойынша өздігінен қолданылатын болады.

3. Келісімнің мерзімі өту күніне дейін Қазақстан Дүниежүзілік Сауда Ұйымының мүшесі болған жағдайда, 2 (2)-(5), 3, 6, 7, 8, 9, 11-19-баптардың ережелері, А хаттамасы, Б хаттамасы, В хаттамасы, N 1 келісілген хаттамасы, N 2 келісілген хаттамасы, N 3 келісілген хаттамасы, N 4 келісілген хаттамасы тоқыма және киім жөніндегі ДСҰ Келісімінің 2 (17)-бабының мәнінде әкімшілік шаралары ретінде қолданылуы тиіс.

4. Егер Сіз осы айтылғандарды Сіздің Үкіметіңіздің қабылдауын ықыласты түрде растасаңыз, мен Сізге қарыздар болар едім. Бұл жағдайда, қосымшаларымен қоса осы хат және қабылдау туралы Сіздің хатыңыз хаттармен алмасу нысанындағы Келісімді жасайтын болады, қажетті құқықтық рәсімдер аяқталғанын тараптар бір-біріне хабарлаған күннің келесі айының бірінші күнінен бастап күшіне енетін болады. Сонымен бірге, бұл уақытша 2000 жылғы 1 қаңтардан бастап өзара шарттылық жағдайында қолданылуы тиіс.

Мырза, менің сізге деген үлкен құрметімді қабыл алуыңызды өтінемін.

## ҚОСЫМША

Тоқыма бұйымдарының саудасы туралы тоқыма өнімдерінің санаттары мен тауарлық сипаттамасы бар Брюссельдегі 1993 жылдың 15 қазанында қол қойылған Еуропалық Одақ пен Қазақстан арасындағы Келісімнің 1-қосымшасы ЕС 3030/93\* қаулысына 1-қосымшамен алмастырылады. Тауарлар әрбір санатта құрастырылған номенклатура коды шегінде анықталғандықтан, тауарларды сипаттау тұжырымдамасы тек индикативтік құндылыққа ие болғандықтан құрастырылған номенклатура интерпретация ережелерінің алдын алмай-ақ түсініледі. Құрастырылған номенклатура кодының тұсындағы "ex" белгісі тұрған жердегі әрбір санаттағы тауарлар құрастырылған номенклатура коды сызықтармен қоршалған және тиісті сипаттамасы анықталған.

\* - Қосымшаның Соңғы байымдау ЕС Ресми журналының 28.05.1999 жылғы N L 134 нөмірінде айтылған.

Қазақстан Республикасының Үкіметінен хат

Мырза, мына жәйттер баяндалған Сіздің хатыңызды алғандығым туралы Сізді хабардар етуді өзіме құрмет санаймын:

"Мырза,

Мырза,

1. Брюссельде 1993 жылғы 15 қазанда қол қойылған және 1995 жылғы 20 желтоқсандағы хаттармен алмасу нысанындағы Келісіммен толықтырылған тоқыма бұйымдарының саудасы туралы Еуропалық Экономикалық Қоғамдастығы мен Қазақстан Республикасы арасындағы Келісімге (бұдан әрі - "Келісім") сүйенуді өзіме құрмет санаймын.

2. 1999 жылғы 31 желтоқсандағы Келісім мерзімінің өтуін ескере отырып және Келісімнің 20 (4)-бабына сәйкес Еуропалық Қоғамдастық Келісімнің күшін бұдан арғы кезеңге төмендегідей түзетулермен және шарттармен кем дегенде үш жылға ұзартуды ұсынады.

2.1. Келісімнің 1-бабына жатқызылған, 1-қосымшада ұсынылған тауарлар осы хаттың 1-қосымшасымен алмастырылды.

2.2. 1-параграфтың 20-бабының мәтіні, Келісімнің екінші және үшінші сөйлемі мыналармен алмастырылуы тиіс:

"Ол 2002 жылғы 31 желтоқсанға дейін күшінде болуы тиіс. Алдағы уақытта, егер тараптардың бірі ұзартумен келіспейтіндігі жөнінде 2002 жылғы 31 желтоқсанға кем дегенде 6 ай қалғанда басқасын хабардар етпесе, Келісімнің барлық тармақтарын қолдану өздігінен тағы бір жылға 2003 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңге ұзартылуы тиіс".

2.3. 1, 3, 4, 5, 6, 7 және 8 тоқыма санаттары Келісімнің 2 (3)-бабында және А хаттамасында көрсетілген екі есе тексеру жүйесінен шығарылды. Егер белгілі бір жылда Келісімнің 5 (2)-бабында көрсетілген тауарлар импортының тоқыма санаттарына лимит көтерілсе, қосарланған тексеру жүйесі осы санаттар бойынша өздігінен қолданылатын болады.

3. Келісімнің мерзімі өту күніне дейін Қазақстан Дүниежүзілік Сауда Ұйымының мүшесі болған жағдайда, 2 (2)-(5), 3, 6, 7, 8, 9, 11-19-баптардың ережелері, А хаттамасы, Б хаттамасы, В хаттамасы, N 1 келісілген хаттамасы, N 2 келісілген хаттамасы, N 3 келісілген хаттамасы, N 4 келісілген хаттамасы тоқыма және киім жөніндегі ДСҰ Келісімінің 2 (17)-бабының мәнінде әкімшілік шаралары ретінде қолданылуы тиіс.

4. Егер Сіз осы айтылғандарды Сіздің Үкіметіңіздің қабылдауын ықыласты түрде растасаңыз, мен Сізге қарыздар болар едім. Бұл жағдайда, қосымшаларымен қоса осы хат және қабылдау туралы Сіздің хатыңыз хаттармен алмасу нысанындағы Келісімді жасайтын болады, қажетті құқықтық рәсімдер аяқталғанын тараптар бір-біріне хабарлаған күннің келесі айының бірінші

күнінен бастап күшіне енетін болады. Сонымен бірге, бұл уақытша 2000 жылғы 1 қаңтардан бастап өзара шарттылық жағдайында қолданылуы тиіс.

Мырза, менің сізге деген үлкен құрметімді қабыл алуыңызды өтінемін.

Менің Үкіметім Сіздің хатыңыздың мазмұнымен келісетіндігін растауды өзіме құрмет санаймын.

Мырза, менің мәртебелі ықыласымды қабыл алсаңыз екен.

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.  
Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК